



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Уголовное судопроизводство в нашей стране развивается уже немалое время, но ни досоветский период истории его развития, ни советский не знали такого института. И только с принятием нового Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (УПК РК) появился институт сделки о признании вины.

Хотелось бы сделать выводы по данной работе:

Во-первых, основной целью процессуального соглашения в форме сделки о признании вины является оптимизация уголовного судопроизводства и повышение его эффективности путём сокращения времени, сил и средств на расследование и рассмотрение уголовных дел, а также создание правового механизма разумного компромисса обвиняемого с органами уголовного преследования.

Во-вторых, применение данной процедуры в каждом конкретном уголовном деле зависит от воли обвиняемого и усмотрения прокурора при наличии остальных необходимых оснований и условий, закреплённых нормами главы 63 УПК РК

Изучение данного института позволит судить, насколько удачно была реализована идея дифференциации уголовного судопроизводства в сторону его упрощения, а также насколько реальны перспективы дальнейшего продолжения процессов дифференциации процессуальных форм.

В целом, институт сделки о признании вины призван значительно упростить и ускорить уголовный процесс, сделать его менее затратным для бюджета, в целом повысить эффективность функционирования правоохранительной системы государства.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. О Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года [Электронный ресурс]: Указ Президента Республики Казахстан от 24.08.2009 г. № 858. – Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000858>.

2. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 г. № 231-V с изменениями и дополнениями от 7 ноября 2014 года № 248-V [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000231>.

3. Криминология. Под ред. Дж. Ф. Шели. Пер. с англ. - СПб. Литер, 2003, с.512, 515

ӘОЖ 343.3/7

ГЕНОЦИДТІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ЗАРДАПТАРЫ

Бекетов Олжас Сұңғатұлы

beketov.olzhas@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Заң факультеті, «Құқықтану»
мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – Э.А.Ашимова

Біздің заманымыздың ең өзекті және ең танымал мәселелерінің бірі, бұл - адамзаттың бейбітшілік пен қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар, яғни халықаралық қылмыстар. Ол - агрессия, әскери қылмыстар, адамзатқа қарсы қылмыстар, отаршылдық, геноцид, экоцид, құлдық. Геноцид - барлық қылмыстар ішінен, ең ауыр қылмыс болып табылады (Crimes of crimes). Өйткені жеке тұлғаның өміріне оның жеке сипаттамаларына емес, оның туа біткен физикалық және рухани қасиеттеріне тән өлімге ұшырайды.

1944 жылы Американдық заңгер Рафаэль Лемкин (1900-1959), Фашистік Германияның Еврейлерді қыруына анықтама берген. Лемкин Польшада Еврейлік отбасында туып және 1941 жылы отбасымен бірге АҚШ-қа көшіп кетеді. Ол геноцид деген термин ұсынған, гректің *genos*-«тайпа, тег» сөзімен латынның *caedo*-«өлтіремін» сөздерін қосып анықтама берген. Бұл термин ұсына отырып, Лемкин «ұлттық топтардың өмір сүру негіздеріне және топтарды жоюға бағытталған түрлі іс-шараларды жоспарлау». Бір жылдан кейін,

Нюрнберг(Германия) қаласында Халықаралық әскери трибуналда «адамзатқа қарсы қылмыс» деп, нацистік көшбасшылары айыптады. «Геноцид» сөзі айыптауға енгізілген, бірақ заңды термин ретінде емес, сипаттама ретінде.

1945 жылы 26 маусымнан - 8 тамыз аралығында Лондонда конференция өтті. Лондон конференциясы барысында КСРО, АҚШ, Ұлыбритания және Франция үкіметтері арасындағы келісімге қол қойылды. Бұл келісім бойынша Халықаралық трибунал пайда болды, ол Нацистік Германияның мемлекеттік және әскери басшыларына қатысты сот функцияларын орындайтын болды. Бұл шешім барлық елдерде жоғарғы бағаланды. Кейіннен, келісімге ресми түрде 19 мемлекет қосылды және трибунал шын мәнісінде Халықтар Сот атағын алды. Процесс 1945 жылы 20 қараша күні басталып, шамамен 11 айға созылды. Трибунал алдында 24 нацистік Германияның жоғарғы басшылығындағы басшылары әкелінді. Бұндай әлем тарихында болған емес.

Халықаралық әскери трибуна Лондон Келісімге сәйкес төрт елдің өкілдерінің тепе-теңдігі негізде құрылды. Соттың Торағасы ретінде Ұлыбритания Лорды Джон Локренс тағайындалды. Басқа елдерден, соттың мүшелері болып тағайындалды: КСРО – Жоғарғы Сот Торағасы И.Т.Никитченко; АҚШ – Бас Прокурор Т. Биддл; Франция – профессор А. Доннедье де Вабр. Барлығы 216 тыңдаулар өткізілді.

Сот процессі әділетті және заңды түрде өткен. Неміс тілінде айыптау парақшасы сот процесіне 30 күн қалған уақытта айыпталушыларға берілді және оларға барлық деректі дәлелдемелердің көшірмелері тапсырылып отырды. Процессуалдық кепілдіктер бойынша айыптаушыларға өзін-өзі қорғауға немесе неміс заңгерлерінің көмектерімен пайдалануға құқық берілді және оларға куәларды шақыруға, өзін қорғайтын дәлелдемелер беруге құқықтары болды.

Сот залында жүздеген куәгерлерден жауап алып, мындаған құжаттар қаралды. Дәлелдемелер ретінде кітаптар, мақалалар, нацистік басшыларының жария сөздері, фотосуреттер, кино хроникалар болды. Деректер базасының дұрыстығына ешкімнің күмәні болмады.

1946 жылы 1 қазан күні Сот үкімін жариялады. Айыптаушылар бейбітшілік пен адамзатқа қарсы ауыр қылмыс жасағандары үшін кінәлі деп танылды. Сот 12 қылмыскерді өлім жазасына, 7 қылмыскерді ұзақ мерзімге соттады және 3 қылмыскерді ақтап шығарды. Сотталғандардың көпшілігі кешірім жасау үшін өтініш хат жазды. Бірақ олардың ешқайсысы қабылданбады.

Өлім жазалары Нюрнберг түрмесінде 1946 жылы 16 қазан күні орындалды. Үкімді Американдық аға сержант Джон Вуд орындады.

Потсдам Декларациясымен және КСРО, АҚШ және Ұлыбританияның сыртқы істер министрлерінің Мәскеу кездесуіндегі шешімі негізінде, Токио әскери трибуналы құрылды.

Токио трибуналы 3 мамыр 1946 жыл – 1 қараша 1948 жылдар аралығында өткен. Жалпы процесте 29 адам айыпталды. Трибуналға 11 ел қатысты: КСРО, АҚШ, Қытай, Ұлыбритания, Австралия, Канада, Франция, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Индия и Филиппин. Процесс кезінде 818 ашық тындыулар өткізілді, 4356 құжаттық дәлелдемелер берілді, 1194 куәгерлер қатысты. Барлығы 29 айыпталушы болды, бірақ Ёсукэ Мацуока және Осами Нагано табиғи себептерден сот барысында қайтыс болды. Токиода өткен процесс нәтижесінде, 7 айыпталушыны өлім жазасына, 16 өмір бойы бас бостандығынан айырылды, 4 ұзақ мерзімге соттады. Император отбасы мүшелері қудалаудан иммунитет алды.

1948 жылы 9 желтоқсан күні БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған «геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазалау» туралы Конвенция қабылданған. Осы конвенцияға сәйкес геноцид деп, яғни ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топты, осы топтың мүшелерін өлтіру, олардың денсаулығына ауыр зардап келтіру, бала тууға күшпен бөгет жасау, қандай да бір топ үшін оны толықтай немесе ішінара жоюға жағдай туғызу.

1988 жылы Америка Құрама Штаттары геноцид Конвенциясына қосылды. 5 қараша күні АҚШ Президенті Рональд Рейган конвенцияға қол қойды. Бұл шешімді жақтағандармен жақтамағандарда болды. Конвенцияның негізгі жақтастарының бірі Висконсин Уильям

Проксмайр болды, ол 1968 жылдан 1987 жылға дейін АҚШ-тың сенаторы болды, Конгрестеконвенцияға қол қою үшін 3000-нан астам сөз айтты.

1993 жылы БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі №827 Резолюцияны қабылдайды. Босния мемлекетінде жасалған қылмыстар үшін Гаагада бұрынғы Югославия бойынша Халықаралық қылмыстық трибунал ашылады. Ол Нюрнберг процесінен кейінгі бірінші халықаралық қылмыстық сот болды. Оның бұрынғы Югославия бойынша келесі қылмыстар бойынша жазаға тартты: 1949 жылғы Женева конвенциясын бұзу, соғыс заңдарын бұзу, геноцид және адамзатқа қарсы қылмыстар. Трибунал юрисдикциясы бұрынғы Югославия аумағында шектелді.

Адамзат тарихына көз салсақ, оның әрбір даму сатысында геноцид болғанын көре аламыз. Геноцидті тарихта белгілі қайғылы фактілерден көруге болады: Римдіктердің Карфагенді жоюы; Түріктердің Армян халқын өлтіруі; Варфоломей түнінде гугендерді қыруы; Фашистік Германияның Еврейлерді қыруы.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі, Бұрынғы Югославия және Руанда бойынша халықаралық трибунал құрды. Ол Руанда мемлекетінде геноцид жасағандарды және Югославияда қарулы қақтығыс кезінде қылмыс жасағандарды жазалау үшін құрылды. Бұрынғы Югославия бойынша Халықаралық трибуналдың маңызды ерекшелігі, ол бұрынғы Югославиядағы қарулы қақтығыстардағы барлық тараптардың жасаған қылмыстарын қарайды. Жаза ретінде тек бас бостандығын айыру қолданылады.

Мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды дамыту мақсатында Халықаралық қылмыстық сот құрылды, бұл қылмыстық сот қазіргі заманғы халықаралық құқықтың дамуына тағы бір зор қадам болды. Әрбір жанжал үшін сот процесстерін аша бермеу үшін 1998 жылы Халықаралық сот құру туралы шешім қабылданды. Оның құзыретіне әскери қылмыстар кірген, онда арнайы әмбебап юрисдикция қолданылады. 2002 жылы, оны құру туралы шарт күшіне енді. Бірақ, Ресей, АҚШ және Қытай және көптеген елдер оған қол қоймай және оны ратификациялаған жоқ.

Әлі күнге дейін халықаралық қоғамдастық геноцидті жоя алмады. Мемлекеттердің барлық күшіне қарамастан барлық халықтарды жою, ұлттық немесе этникалық топтың жойылуы қылмыстары бар. Сондай-ақ, мемлекеттер арасында геноцид жасап оны мойындамайтындары бар. Бұндай жарқын мысал ретінде, 1915 жылғы Осман империясының 1,5 млн Армян қыруын айтамыз. 1918 жылы Осман империясының жеңіліске ұшыраған кейін, жеңіске жеткен елдер түрік трибуналын 1919-1920 құрып армяндардың өліміне қатысты адамдарды жазалады. Осы уақытқа дейін, Түркия Осман империясының армяндардың жоюын геноцид деп танымайды. Бүгінгі күнде Армян геноцидтің көптеген халықаралық ұйымдар таныды, олар: Еуропалық Кеңес, Еуропарламент, әскери қылмыстар жөніндегі БҰҰ комиссиясы және АҚШ, Франция, Германия, Италия, Швейцария, Ресей, Канада. 12 қазан 2006 француз парламенті заң жобасын қабылдады, соған сәйкес армян геноцидтің танымау қылмыстық теріс қылық болып саналған. Бас Ассамблеяның резолюциясының 96/1 өлтіру мен геноцид қылмыстары ажыратқан. Соған сәйкес, геноцид барлық адамзат топтарының өмір сүру құқығын танудан бас тарту ретінде түсіндіріледі, ал адам өлтіру жеке адамның өмір сүру құқығын танудан бас тарту ретінде түсіндірілген.

И.И. Лукашук пен А.В. Наумовтың Нюрнберг процесінің жарғысында геноцидті адамзатқа қарсы қылмыстарға ең жақын, бірақ халықтың белгілі бір топтарын жоюмен ерекшеленеді деп анықтама берген. Белгілі бір дәрежеде бұл әскери қылмыс болып табыла алады, өйткені соғыс уақытына жасалуы мүмкін. Олар сондай-ақ бейбіт уақытта жасалуы мүмкін (мысалы Камбоджадағы Пол Поттың өз халқын жоюы). 1948 жылғы Конвенцияда және содан кейін Югославия мен Руанда бойынша Халықаралық трибуналдар жарғысына, геноцид Халықаралық қылмыстық соттың Статуты әскери қылмыстар және жеке халықаралық қылмысқа адамзатқа қарсы қылмыс оқшауланған болатын. Халықаралық соттың жарғысынан, геноцид әскери қылмыстардан алынып тасталып, оны жеке тұлғаның адамзатқа қарсы қылмыс деген. 1948 жылғы Геноцид туралы конвенцияда барлық

мемлекеттерге қылмысты алдын алуға және қылмыскерлерді жазалауға, жеке басының жауаптылығы қарастырылған.

Көптеген елдер конвенцияны қабылдап, ратификациялағаннан кейін өздерінің қылмыстық кодекстеріне геноцид бабын қосқан. ҚР қылмыстық кодексінің 168-бабында Геноцид, этностық, ұлттық, нәсілдік немесе діни топтың және осы топтың мүшелерін өлтіру, олардың денсаулығына ауыр зиян келтіру, бала тууға күшпен бөгет жасау, балаларды мәжбүрлеп беріп жіберу, күштеп көшіру не осы топтың мүшелерін қырып-жою мақсатында өзге де тіршілік жағдайларын туғызу арқылы толық немесе ішінара жоюға бағытталған қасақана іс-әрекеттер деп анықтама берілген, ол үшін 15-20 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады. Ресей Қылмыстық кодексінің 357-бабында Геноцид үшін он екі жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе өлім жазасы тағайындалады. Франция қылмыстық кодексінде 211-1 бабында, бұған депортациялау, құлдық, ұрлау, азаптау немесе діни негіздер бойынша жасаған қатыгездікпен жасалған қылмыстарды айтамыз. Ал Қытай, Индия, Индонезия және Түркия мемлекеттерінің қылмыстық кодексінде геноцидке бап арналмаған.

Геноцид - бір ұлтты немесе этникалық топты жоюды білдіреді. Жалпы геноцид міндетті түрде ұлтты дереу жоюды білдірмейді. Керісінше, ол үйлестірілген іс-қимыл жоспарлары бойынша, топтардың өздерің жою мақсатында, олардың өмір сүру негіздерін жоюға бағытталған іс-әрекеттер. Мұндай іс-әрекеттерге саяси және әлеуметтік институттардың, мәдениетің, тіл мен діннің жоюына бағытталған әрекеттерді жатқызуға болады, сондай-ақ осы топқа жататын адамдардың жеке қауіпсіздігің, еркіндігің, қадір-қасиетің және өмірің айыруды жатқызамыз.

Осы қорытындылар негізінде біз мынадай тұжырымдауға береміз: геноцид - кемсітушілік түрінде ең ауыр қылмыс болып табылады. Әр адам оның нәсіліне, терісінің түсіне, тіліне, дініне, саяси немесе өзге де нанымна, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, мүлктік жағдайына қарамастан құқықтары мен бостандықтары тең болып табылады және оларды кемсітуге жол берілмейді.

Тәуелсіздіктің 26 жыл ішінде Қазақстан барлық әлемге үлгі болып, 130-дан астам түрлі ұлт өкілдері бейбітшілікпен келісімде өмір сүруі мүмкін екенін көрсетті. Ол әрине біздің Елбасымыздың саясатының арқасында деп айтуға болады. Қазақстан осы даму жолында тамаша үлгісін көрсетті.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 3 шілде 2014 жыл
3. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы 9 желтоқсан 1948 жыл
4. Нәсіл және нәсілдік нанымдар туралы Декларация 27 қараша 1978 жыл
5. Қылмыстық құқық Ерекше бөлім А.Н.Ағыбаев
6. Халықаралық құқық Колосов Ю., Кузнецов В.
7. Халықаралық қылмыстық құқық Лукашук И.И., Наумов А.В.

ӘОЖ 243.2/.7

АЛАЯҚТЫҚ – БҮГІНГІ КҮННІҢ ҚАУІПТІ ІНДЕТІ

Ендіберген Мұхтар Бекболатұлы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің 3 курс студенті

Ғылыми жетекші – Ж.Д. Сеилханов

Бүгінде Қазақстанда құқық қорғау органдарының сапалы жұмысы нәтижесінде қылмыстар біршама азая бастады, алайда көптеген меншікке қарсы қылмыстардың, соның